



ҚОС КОРЕЯ ҚЫРҚЫСЫ

6-БЕТ | ШАРТАРАП



ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ ЖОЙЫЛА МА?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ӘДІЛ ЖӘНЕ БӘСЕКЕЛІ ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕСІН ҚҰРУҒА КІРІСТІК. ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯДАН АРЫЛТУ, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ, БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ, ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖҰМЫСТАРЫМЕН МЫҚТАП АЙНАЛЫСТЫҚ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ҚОРДАЛАНЫП ҚАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР БІРТІНДЕП ШЕШІЛЕ БАСТАДЫ.

№10
(4598)

Бейсенбі
25 қаңтар
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОҢТҮСТІКТЕН – СОЛТҮСТІККЕ

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру аясында өткен жылы еліміздің оңтүстік өңірінен солтүстік өңірге 8903 адам өз еркімен қоныс аударды.

Қоныс аударушылар қатарындағы 6492 адам ел ішінен болса, шетелден келген 2337 қандас бар. Барлық қоныс аударушыға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді, атап айтқанда, өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия берілді.

Жалпы ұлттық жоба аясында қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады: көшуге арналған субсидия – отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек; отбасы мүшелерінің саны мен елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 12 ай ішінде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ай сайынғы субсидиялау; қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберу; жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу; экономикалық ұтқырлық сертификаттарын беру.

«ASTANA
AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР



ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

Елордада жыл басынан бері Астана қаласы әкімдігінің азаматтарды қабылдау орталығы жұмыс істей бастады. Орталық ашылғалы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлері жеке және заңды тұлғаларға 700-ге жуық кеңес берді. Сонымен қатар бас қалада Joltar әлеуметтік жобасы аясында «Баршаға мүмкіндік» модульдік орындары іске қосылған. Мұнда да мемлекеттік қолдау, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша тұрғындарға көмек көрсетіледі.



КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫН КӨРЕМІЗ

Биыл елордада өтетін маңызды іс-шараның бірі – Дүниежүзілік көшпенділер ойыны. Астана алаңдарында 8-14 қыркүйек аралығында өтетін байрақты бәсекеде 100-ге жуық елден келетін 4 мыңға жуық ойыншы сайысқа түседі. Көшпенділер додасында спорт жарыстарымен қатар зияткерлік ойындар да ұйымдастырылады.

ҮШЕУГЕ ҮШЕМ ҚОСЫЛДЫ

Астана қаласындағы №2 қалалық көпсалалы аурухананың акушерлік блогында үшем дүниеге келді.

Сәбилердің анасы Ажар Қабитова жұбайымен бірге 2020 жылы дүниеге келген қыздары мен 2022 жылы туған егіз балаларын тәрбиелеп отыр. Ал жақында ғана бұл отбасында үшем дүниеге келді, Сәбилерінің бәрі – ұлдар.

Дәрігерлердің айтуынша, балалардың денсаулығы жақсы, біртіндеп салмақ қосып жатыр. Ұдайы дәрігерлердің бақылауында. Батыр ана №2 қалалық көпсалалы ауруханасының дәрігерлеріне дән ризашылығын білдірді.



12

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 485.55 \$ USD/KZT 446.04 ₸ RUB/KZT 5.09 ¥ CNY/KZT 62.22

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ӨНІРАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ӨРІСІ КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Башқұртстан Республикасының басшысы Радий Хабиловты қабылдады. Президент Астана мен Мәскеудің екіжақты байланыстарын нығайтуға өңіраралық ықпалдастық елеулі үлес қосып отырғанын атап өтті.

Осы орайда Башқұртстан Республикасы ерекше рөл атқарады.

«Қазақстан мен Ресей арасындағы жан-жақты қатынастарға тың серпін беру тұрғысынан алғанда бүгінгі сапарыңыздың мәні зор. Біз индустрия, агро-өнеркәсіп кешені және гуманитарлық салалардағы байланыстарымызды әртараптандыру үшін барынша күш саламыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент бірқатар келісімнің, соның ішінде үкіметтер деңгейінде қол қойылған Ынтымақтастықтың 2023-2024 жылдарға арналған жол картасы-

ның табысты жүзеге асырылып жатқанына назар аударды. Мемлекет басшысы еліміздің өңірлері мен Башқұртстан арасындағы тауар айналымының қарқынын оң бағалады. Былтырғы 11 айдың қорытындысы бойынша сауда-саттық деңгейінің көрсеткіші 350 миллион доллардан асты. Бұл ретте Қазақстан Башқұртстан Республикасының жетекші сауда серіктестерінің үштігіне кіреді.

Өз кезегінде Радий Хабилов қазақ жерінде қонақжайлық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

«Башқұртстан мен Қазақстан

арасындағы қарым-қатынасты дамытуға ерекше мән беретінін білеміз. Менімен бірге үлкен делегация келді. 2-3 жылдың ішінде біз тауар айналымы мен өнеркәсіп кооперациясының көлемін айтарлықтай ұлғайттық. Бүгін «Қазақстан – Башқұртстан» форумын аштық. Біз үшін Қазақстан – ең басты серіктес. Біз мұнда өзімізді еркін сезінеміз» деді Радий Хабилов.

Кездесуде сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, өнеркәсіп және өзара мүддені көздейтін басқа да салалардағы ынтымақтастықты жандандыруға баса мән берілді.

ДАМУ ТУ СТРАТЕГИЯСЫН ПЫСЫҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевты қабылдады. Кездесу барысында отандық ғылымды дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы былтыр жаңа мәртебе берілген Ұлттық Ғылым академиясы отандық ғалымдардың күш-жігерін біріктіріп, ғылым мен экономикаға нақты пайда әкелетін жаңалықтар енгізуге ерекше мән беруге тиіс екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық ғылым академиясының жаңа мүшелерін сайлау процесін жеделдету, академия жұмысына талантты жас ғалымдар мен жаңа мамандарды кеңінен тарту қажет екеніне назар аударды.

Сонымен қатар Президентке Ақылбек Күрішбаев өзі басқаратын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ғылыми зерттеулерін және агроөнеркәсіп саласын жетілдіруге бағытталған жұмыстарын таныстырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, оқу орнына зерттеу университеті мәртебесінің берілуі аграрлық сектордағы ғылыми әзірлемелерді нақты өндіріске енгізуге, ғылыми зерттеулердің нәтижесін ком-

мерцияландыруға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа міндеттерді ескере отырып, Ұлттық ғылым академиясын дамыту стратегиясы мен жұмыс жоспарын пысықтауды тапсырды. Сонымен қатар Қазақстан Ғылым академиясының негізін қалаған Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыру маңызды екенін айтты.



ЖАРАҚТАНДЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Қалалық әкімдік пен мәслихат депутаттары әзірлеген және бекіткен алдағы 3 жылға арналған Астана қаласының полиция қызметін дамыту жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары жасалғаны мәлім.

Осы жоспарды іске асыру шеңберінде учаскелік полиция инспекторларын, жол-патрульдік полиция қызметкерлерін мамандандырылған бағдарламалық жүйесі бар мобильді план-

шеттермен, түрлі қажетті функционалдық мүмкіндіктермен кезең-кезеңімен жарақтандыру бойынша жұмыс басталды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Қалимов мәлім етті. Ол өткен

жылы 550 бірлік мобильді планшеттер сатып алынғанын, жарақтандырудың нақты деңгейі 1218 бірлікті құрағанын жеткізді. Тәртіп сақшыларын жарақтандыру жұмысы жалғасуда.



ВЕЙП САТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Қазақстанға вейптерді әкелуге және таратуға тыйым салынатын болды. Мәжіліс тиісті заң жобасын мақұлдап, оны Сенатқа жолдады.

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер тұжырымдамасынан тыс темекі өнімдерін тұтынуды шектеу нормалары да қарастырылған. Вейптерді әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салынады. Олардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі, атап айтқанда, вейп сатқаны үшін ең жоғары жаза – 50 тәулікке дейін қамауға алы-

нады, әкеліп, таратқаны үшін 2 жылға дейін бас бостандығынан айырылады, қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған, бірнеше рет жасалған әрекеттер үшін 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Сонымен қатар медицина қызметкерлеріне емделушінің жеке ерекшеліктеріне қарай емдеудің оңтайлы әдістерін

таңдау мүмкіндігін беру үшін медициналық көмек көрсету кезіндегі міндетті клиникалық хаттамаларды қолдану алынып тасталады. Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда таныстырған болатын.

ДӘРІГЕРГЕ ДАРА КӨЗҚАРАС

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер аясында 1000 АЕК мөлшерінде біржолғы төлеммен «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы белгіленді. Сондай-ақ «Мамандық бойынша үздік» республикалық байқауы өткізіледі. Оның жеңімпазына 500 АЕК көлеміндегі төлем табысталады.

Сондай-ақ ауылға жұмысқа келген медицина қызметкерлеріне бір мезетте 100 ең төменгі жалақы төлеу жоспарланып отыр. 2024 жылы бұл сома 8,5 миллион теңгені құрайды. Ең төменгі жалақының өсуімен төлем мөлшері де өседі. Бұл ережені депутаттар өңірлерге барған сапарында енгізді. Өңірлерге сапар барысында

тұрғындар медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мәселесін көтерген болатын. Осылайша ауылдардағы медициналық кадрлар тапшылығы мәселесін жүйелі шешу қарастырылып отыр.

Медицина қызметкерлерінің балалары балабақшаға қабылдауда басымдыққа ие болады. Ал қызметтік міндеттерінің

салдарынан қайтыс болған немесе мүгедектігі анықталған медицина қызметкерлерінің балаларын жоғары оқу орындарына конкурстық қабылдау ұсынылды. Медицина қызметкерлеріне медициналық мамандық бойынша әскери қызмет өткеру немесе мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдыру құқығы да беріледі.

АСТАНАДА ЖЕР СІЛКІНУІ МҮМКІН БЕ?

«Елорда Тұран платформасында орналасқан. Сондықтан мұнда жер сілкінісі болады деуге негіз жоқ» деп мәлімдеді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Үкіметтің баспасөз орталығындағы жиында.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев осы сауалға жауап бере алмады. Ал Саясат Нұрбек мұның себебін былай түсіндірді:

«Сейсмология – үлкен ғылым. Күшті жер сілкінісі болды. Оның эпицентрі Қырғызстан және Қытай шекарасында, 250-260 шақырым

жерде орналасқан. Афтершок, жер сілкінісі жойқын болды. Рихтер шкаласы бойынша шамамен 6,5-7 балл. Тербеліс күшті болды. Сондықтан ол орталық Қазақстанда сезілді. Жер сілкінісінің толқыны оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталды. Сондықтан біз әлсіз болса да

оны сездік» деді министр.

Журналистердің «Астанада жер сілкінісі болуы мүмкін бе? Мұндай қауіп бар ма?» деген сауалына С.Нұрбек: «Жоқ, Астана Тұран платформасында орналасқан. Ол – өте тұрақты, ескі платформа. Сондықтан бұл жай афтершок болды. Уайымдауға негіз жоқ» деп жауап берді.

МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Жақында Астана қалалық мәслихатында депутаттар қаланың денсаулық сақтау саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі, арнайы техниканың төмен жағдайы және басқа да өзекті мәселелерді талқылады.

– Бүгін біз халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасы мен жедел медициналық жәрдем станцияларының проблемалық мәселелері тақырыбына қайта оралдық. Елордада жедел ме-

диналилық көмек көрсету бойынша 11 пункт бар, олардың кадрлармен қамтылуы 90 пайызды құрайды. Бірақ мамандарды, әсіресе жүргізушілерді іріктеуге қатысты шағым көп түсіп

отыр. Жедел жәрдем жүргізушілерінің қатысуымен жол-көлік оқиғаларының өскені байқалуда. Оларды жүргізуші ретінде қызметке аларда іріктеу ашық түрде өткізілмейді, сонымен бірге көлікке бекітілген жүргізушілер көліктің техникалық жай-күйін бақыламайды, ауысымды басқа жүргізушіге тапсырған кезде көлікті тиісті деңгейде қабылдап алмайды, – деді отырыста қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

Сондықтан ол жедел тәртіпте автокөліктердің техникалық жай-күйін, жүргізушілердің жұмысын бақылау әдістемесін пысықтау, кадрлық іріктеуге, сапалы арнайы көлік сатып алуға назар аудару керегін айтып, сол жұмыстарды тиісті тұлғалар мен мекемелерге тапсырды. Бұдан басқа, ол алдағы 3 жылға арналған денсаулық сақтау саласын дамытудың кешенді жоспарында көзделген Алматы, Байқоңыр және Нұра аудандарында жедел жәрдемнің 3 қосалқы станциясын салу үшін жер учаскелерін іздеуді жеделдету қажеттігін атап өтті.

ЖАЙЛЫ ҚАЛАНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Азаматтарды қабылдау орталығы ашылғалы мамандар көмегіне 700-ге жуық адам жүгінсе, оның 556-сы мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесті. Орталыққа келетін қала тұрғындарының өтініштері, негізінен, ардагерлерге арналған коммуналдық қызметтерге, шипажайда емделуге, мемлекеттік субсидиялауға, тұрғын үй мәселелеріне

қатысты болды. Әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар санатындағы кәсіпкерлер көше саудасын жүргізуге арналған павильондарды орналастыруға және басқа да мәселелер бойынша кеңес алды. Көптеген келуші орталық арқылы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының қабылдауына жазылды. Әкімдік бөлімшелерінің бірінші басшыларының жеке қабылдауында 100-ге жуық азамат болды.

Орталықта Астана қаласы әкімі аппараты, аудандық әкімдік аппараттары, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері, Астана қаласы Әділет департаменті, «Отбасы банкі» секілді мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мамандары кез келген сұраққа жауап беріп, жан-жақты кеңес береді.

Қала тұрғындары мемлекеттік органға өтініш берген кезде халыққа мемлекеттік тұрғын үй мәселелері бойынша несие рәсімдеу хақында консультациялық көмек ала алады, әкімдік пен құрылымдық бөлімшелер басшылығының жеке қабылдауына жазыла алады.

Орталық Бейбітшілік, 14 мекенжайы бойынша дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін (түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін) жұмыс істейді.

Толғандырған сұрақтарды 8 (7172) 72-51-51 нөмірі бойынша call-орталыққа қоңырау шалып, қоюға болады. Орталыққа келесі қоғамдық көлік бағыттары арқылы жетуге болады: №5а, 10, 20, 23, 33, 40, 53, 58, 64, 71, 73.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

ПОЛИГОН ҚАРҒА ТОЛДЫ

Қазіргі таңда елорда аумағында белгіленген қар полигоны тиісті режимде жұмыс істеп тұр. Қар полигоны жүк көліктерінің нөмірлерін тіркеу жүйесімен жабдықталған. Сондай-ақ ол жерде бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Қыс келгелі бүгінге дейін, мәселен, Байқоңыр ауданы аумағынан қар полигонына 480 мыңнан аса текше метр қар шығарылды. Бұл 40-қа жуық рейсті құрайды. Аудан әкімдігі өкілдері ауданды аралау барысында осы қар полигонының жұмыс барысын да қадағалап қайтты. Аталған алаң мен ондағы жұмыс режимі қашанда



әкімдік бақылауында. Аудан аумағында сонымен қатар су тасқыны қаупінің алдын алу жұмысы басталды. Бүгінгі таңда аудан бойынша қарғын судың

алдын алу, сондай-ақ еріген және жерасты суларын өткізу мақсатында арық-науа желісін тазарту жұмысы жүргізілуде.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Астана қаласы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің хаттары негізінде 6 жеке сот орындаушысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы елорда Сот әкімшілігі департаменті мәлім етті.

Жауапкершілікке тартылған 2 сот орындаушысына қатысты лицензияны тоқтата тұруға ұсыныс жіберілді, 5-еуіне қатысты тәртіптік комиссия тағайындалды. Жалпы департаменттің 2023 жылы атқарылған жұмысы бо-

йынша қала соттары мамандарының іс-әрекетіне 34 өтініш келіп түскен, оның ішінде 4-еуі өз растауын тапты, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7 өтінішке немесе 17 пайызға аз.

Айта кету керек, Сот әкімшілігі депар-

таментінің жұмыс қорытындысы «Сот кабинеті» сервисі арқылы шығарылды. Жалпы Сот әкімшілігіне барлығы 29 мыңнан аса талап-арыз келіп түскен, олардың ішінде 79 пайызы электронды түрде берілген.

Астана қаласы Білім басқармасының қолдауымен мектепке дейінгі ұйымдарға арналған «Ертегілер елінде» байқауы өтті.

БАЛАБАҚША БАЙҚАУЫ



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Әдістемелік орталық және әдіскерлер қауымдастығымен ұйымдастырылған байқау елорданың 4 ауданында бір мезгілде өткізілді. Балабақшаішілік және қалалық екі кезеңнен тұратын байқауға тәрбиешілер, музыка жетекшілері мен мектепалды топ тәрбиеленушілері қатысты. Сайыс шарты – ертегі немесе театрландырылған қойылым қою.

Қазылар алқасы сынға түскен қатысушыларды репертуардың жас ерекшелігіне сәйкестігі, сахна мәдениеті, шығармашылық ерекшелігі, көркем бейнені орындау мәнерлілігі және инновациялық әдістерді қолдану көрсеткіштері бойынша бағалады.

Байқау қорытындысында үздік деп танылған педагогтар мен тәрбиеленушілер дипломдармен және сертификаттармен марапатталды.

КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨЛІКТІ QR АНЫҚТАЙДЫ

Астаналықтар автобустардың аялдамаға қаншалықты жақындап қалғанын QR-код арқылы көре алады. Оны аялдамалардағы QR-коды бар арнайы жапсырмалар арқылы анықтап, автобустардың бағыты мен уақыты туралы да біле алады.



АЯЛДАМАДАҒЫ QR-КОД АВТОБУСТАРДЫҢ КЕЛУ УАҚЫТЫН КӨРСЕТЕДІ

«City Transportation Systems» ЖШС қоғамдық көліктерде жүрудің жол-ақысын электронды төлеу және диспетчерлеу жүйесін жаңғырту аясында аялдамаларды цифрландыру жұмысын бастады.

«Енді аялдамаларда QR-коды бар арнайы жапсырмалар орналастырылады. Оларды сканерлеу арқылы бағдарлардың нақты келу уақытын көруге болады. Ол үшін «Avtobys» мобильді қосымшасын Google Play, App

Store немесе App Gallery-дан жүктеп алу қажет. Қолданбаның басты бетінде QR белгісін басып, аялдамадағы QR-кодты сканерлеу керек. Содан кейін қосымшада аялдамадан өтетін маршруттар және олардың болжамды келу уақыты көрсетіледі» деді «City Transportation Systems» ЖШС өкілі.

Қазір елордадағы 225 аялдамада QR-коды бар жапсырмалар бар. Алдағы уақытта қалған аялдамаларға да орнатылады.

ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН ҚОЛДАНУҒА МІНДЕТТІ

Елордада азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүру қарастырылған. Бұл ретте «City Transportation Systems» ЖШС көліктік бақылау департаменті директорының орынбасары Райымбек Қайролла түсінік берді.

«Байқағанымыздай, тұрғындар тегін қатынауға қатысты әлі де ережені түсінбейді. Мұндай санаттағы адамдар егер олардың қолында жеңілдетілген карта болған жағдайда ғана тегін жүре алады. Егер картасы болмаса, онда өзге жолаушылар арқылы онлайн төлем жасау керек. Біздің қалада төлем жасамайтындар ішінде мектеп оқушылары көп. Ата-аналар «балам 18 жасқа дейін тегін жүреді» деп картаға аса қатты назар аудар-

майды. Сол себепті тексеріс кезінде оқушылардың көбінде жеңілдетілген карта болмай жатады. Ата-аналар осыған жауапкершілікпен қараса дейміз. Сонымен қатар әзірге қалалық қоғамдық көліктерде жолақысын көтеруге қатысты ешқандай болжам жоқ. Тексеріс барысында жолақысын төлемеген қарттар, балалар және аяғы ауыр әйелдер автобустан шығарылмайды» дейді City Transportation Systems» ЖШС өкілі.

МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы Агроқалашық тұрғын алабы тұрғындарымен кездесіп, өткен жылы елді мекенде және ауданда атқарылған жұмыстар туралы есеп берді, осы жылдың жоспарларымен таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Оның айтуынша, тиісті жұмыстар тұрғындарға жайлы жағдай жасауға бағытталды. Соның ішінде балалардың ойын алаңдары, спорт алаңдары жаңартылып, жөнделді, шағын бақтар абаттандырылды, басқа да істер тиянақталды. Атап айтқанда, 7 аулаға күрделі жөндеу жүргізілді. Фахд бен Абдул Азиз және Ақан сері көшелерінің қиылысында қоғамдық кеңістік салынды.

Жалпы алғанда, Сарыарқа ауданында былтыр 16 мыңнан астам жасыл желек отырғызылса, соның 694-і Агроқалашықта егілді. Бұрын жарықтандыру болмаған 4 көшеге жарық тартылды. Бұған қоса, су тасқынының алдын алу мақсатында 11 учаскеде сәйкес жұмыстар жүргізілді. Соңғы 3 жылда елді мекеннің 19 көшесіне асфальт төселді. Аудан әкімінің сөзінше, бұл жұмыс әлі де жалғасады.

Биыл ауданда 17 көшені жарықтандыру, 20 көшені асфальттау жоспарланған. Асфальт төселетін 5 көше Көктал-1 тұрғын алабында болса, 9 көше

Агроқалашықта. Ауданда 3235 контейнері бар 1047 контейнерлік алаң орнатылды.

Жалпы қазір Сарыарқа ауданында 345 мың адам тұрады, аудан аумағы 6 мың гектардан асады. Барлығы 330 көше бар, оның 305-і жарықтандырылған. Аудан аумағына Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық тұрғын алаптары кіреді. Өткен жылы арық-науа желісі мен су өткізгіш құбырларға жөндеу жүргізілді, аталған жұмыс биыл да жалғасады. Былтыр 7 бағдаршам орнатылса, биыл тағы 8 бағдаршам орнату жоспарланған. Сондай-ақ 2024 жылы инвесторлар есебінен жылы аялдамаларды салу, көшелерді асфальттау жұмысы жалғасып, 3 мың ағаш, 1 мың көпжылдық өсімдіктер отырғызу, жергілікті суару жүйесін дамыту, гүлзарлар құру жоспарланған. Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес, ескі тұрғын үйлерді жаңарту және ысыру жұмысы жоспарланған. Жеке сектор мен әлеуметтік нысандарға газ тарту жұмысы жалғасып жатыр.



РЕНОВАЦИЯ ИГІЛІГІ

Астана қаласының тұрғын үй қорын жаңарту мен жаңғыртудың 2028 жылға дейінгі бағдарламасы аясында Байқоңыр ауданында ескі, апатты жағдайдағы 62 тұрғын үйді ысыру жоспарланған. Жақында аталмыш аудан әкімі Талғат Рахманберді осы аудан аумағында көппәтерлі тұрғын үй құрылысы жұмысын жүргізетін құрылыс компанияларының өкілдерімен кездесіп, босайтын аумақта салына-тын нысандар мәселелерін талқылады.



«Елорда инфрақұрылымын жаңалау көптен бері күн тәртібінен түспей келеді. Жаңалау, яғни реновация – қаланың қалыптасқан бөлігін жүйелі түрде қайта құру арқылы елорданың келбетін жаңа қалыпқа келтіру. Бүгінде реновация аясында тозығы жеткен ескі үйлерді ысыру, орнына жаңа инфрақұрылым жайластыру аса өзекті. Осындай өзекті мәселенің басты шешімі – инвестиция тарту. Инвестиция тарту – перспективалы жобаларды әзірлеуге және іске асыруға, әлеуметтік маңызы бар нысандар құрылысында аса маңызды. Бұл ең алдымен

креативті кластерлерді дамыту, соның ішінде жаңа технологияларды қолдана отырып, инфрақұрылым құру қарқынын арттырады» деді Талғат Рахманберді.

Жиын барысында аудан аумағында кешенді жоспарлау жұмасы аясында көпқабатты тұрғын үй кешендерін салу және инфрақұрылым жүйесін дамыту мәселелері сөз болды. Құрылыс компанияларының өкілдеріне Байқоңыр ауданының кешенді жоспарлау жобасы ұсынылды. Аудан әкімдігі тарапынан аудандағы көпқабатты тұрғын үйлерді көбейту жұмысы ұсынылды.

Үй-күйі жоқтар орналасатын бұл жерді жалпылама халық «бомждар үйі» деп атап кеткен. Бірақ бұл жер ресми түрде Астана қаласы әкімдігінің «Демеу» әлеуметтік қосу орталығы деп аталады. Тағдыр тауқыметін тартып, өмірдің сан қилы сынағында сүрінген жүздеген тағдыр иесі осы жерді паналап жүр. Баспанасыздарға пана болған мекенге Elorda.info тілшісі арнайы барып, орталықтан уақытша болса да орын тапқандардың жағдайымен танысып қайтты.



ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ ЖАНДАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛАДЫ

Елордада баспанасыздардың көпшілігі орталық базар аумағында орналасқан осы мекемеге барады. Онда құжатын жоғалтып, үйсіз-күйсіз жүрген жандарды 2001 жылдан бері қабылдап келеді. Орталық мамандарының айтуынша, келушілер саны жазда шамамен 70-ке жуық болса, күн суытып, қыс түскенде олардың саны арта түседі екен.

«Бүгінде біздің мекемеде 171 үйсіз-күйсіз адам әлеуметтік көмек алады. Негізі, орталық күндізгі бөлімде 180 адамды және түнгі бөлімде 50 адамды қабылдай алады. Түнгі бөлім дегеніміз жұмысы бар, тек түнейтін жері жоқ адамдарға арналған. Олар таңертен жұмысқа кетеді, кешке тек ұйықтауға ғана келеді. Жалпы бізге келетін мұндай адамдар 1 айдан 1 жылға дейін осы жерде бола алады. Олардың тұрақтау мерзімі қызмет алушыға көрсетілетін түрлі әлеуметтік көмектің санына байланысты. Мысалы, құжатсыз келген адамдарға қайтадан құжат рәсімдеу көп уақытты қажет етеді. Одан бөлек, олардың денсаулық жағдайына да қатысты.

Кейбіреулеріне қажетіне қарай мүгедектік рәсімдейміз, қарттар үйіне де кезекке қоямыз» дейді орталықтың әлеуметтік бөлім басшысы Сәуле Әбсадықова.

Бөлім басшысы келтірген дерекке сүйенсек, былтыр орталық 1267 адамды қабылдаған. Оның ішінде 162-сі әйел болса, қалғаны – ер адам. Бұл қатарда сотталған азаматтар да бар екен. Ал көрсеткішті 2021 жылғы дерекпен салыстырсақ, үйсіз-күйсіз адамдар саны шамамен 300-ге артқан. Келушілердің 80 пайызы ішімдікке салынған адамдар көрінеді.

– Пана іздеген адамдардың көбі өз еркімен өтініш жазып, орталыққа қабылданады. Олар қабылдап алған кезде жақын туыстары бар екенін жасырады. Жеке дерегін тексеріп, жақындары бар немесе жоқ екенін анықтаймыз. Кейін оларға хабарласып, мән-жайды түсіндіреміз. Бірақ туыстары алып кететін жағдай өте сирек бо-

лады. Былтыр 11 адам ғана өз отбасына оралды. Олардың 80 пайызы – ішімдікке салынған адамдар. Отбасы олардың осы әдеті үшін қабылдамайтынын және ұрып-соғатынын айтып «керек емес» екенін жеткізеді. «Сіздерді сотқа береміз, неге адамның жеке өміріне араласасыздар?!» деп бізге қарсы шығып жататындар да кездеседі. Орталыққа қабылданған адам 2 апта изоляцияда болады. Өйткені ішімдік ішкен адам есін жинап алған соң қайтадан қалаға шықса, тағы өз әдетіне басады. Осы орайда учаскелік полициямен бірлесіп ішімдікке салынып кеткен адамдарды арнайы мекемеге жібереміз. Қазіргі таңда ол жақта біздің қызмет алушылар бар, – дейді бөлім басшысы.

Бұл жерге келген адамға төсек жабдықтары, ішкі киім және гигиена заттары беріледі. Мекемеде лас киім-кешекті залалсыздандыратын және кір жуатын арнайы бөлмелер бар. Бұл жұмысты тек әлеуметтік қызметкер ғана істейді. Сондай-ақ медициналық көмек көрсететін орын да бар.

Орталыққа келушілерге күніне 3 рет тегін ас беріледі. Жалпы орталықтың уақытша тұрғынына тұрмыстық, медициналық, психологиялық, мәдени, еңбекке баулу, экономикалық, құқықтық секілді 7 бағыт бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Айталық, олар түрлі шеберлік үйірмелерге қатысып, қолөнермен айналыса алады. Тағдырластарымен бірге шахмат ойнап, бос уақытта теледидар көруге болады. Арнайы компьютер қойылған бөлмеде қызмет алушы әлеуметтік қызметкердің көмегімен қысқа мерзімді курстарға қатысып, сертификат алуына болады. Бұл оның әрі қарай жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Бос уақытта кітап оқу үшін кітап сересі де қойылған. Сонымен қатар жаттығу залы ашылған. Егер қызмет алушының медициналық көрсеткіші массажды қажет етсе, орталықтағы дәрігердің сүйемелдеуімен арнайы массаж құралын пайдалана алады.

Тіпті мерекелік концерттер де ұйымдастырылып тұрады.

– Қызмет алушылар орталықтан шығатын кезде арнайы рұқсат қағазын жазады. Өйткені олардың қоғамдық орында тәртіп бұзбайтынына ешкім кепілдік бере алмайды. Егер жеке шаруаларымен шықса, онда кешкі 18:00-ге дейін орталыққа келу қажеттігін айтамыз. Кейде ішімдік ішіп, 2-3 күн келмей кететін адамдар болады. Олар қайтып келген жағдайда қайтадан тазалығы мен денсаулығы тексеріледі. Жасыратыны жоқ, мұндай адамдарда жұқпалы аурулар да болады. Сондықтан біздің мекеме тазалық мәселесіне аса жауапкершілікпен қарайды, – дейді Сәуле Әбсадықова.

Белгілі болғандай, үйсіз-күйсіз жүрген адамдардың көбі – басқа қалалардан елордаға жұмыс іздеп келгендер. Тұрақты жұмыс болмаған соң жалданып еңбек етіп, көп жағдайда соңында ішімдікке салынып кетеді. Егер олар өзінің тұрақты мекенжайына қайтуды қаласа, онда мекеменің әлеуметтік қызметкерлері көмектесе алады.



Бөлім басшысы келтірген дерекке сүйенсек, былтыр орталық 1267 адамды қабылдаған. Оның ішінде 162-сі әйел болса, қалғаны – ер адам. Бұл қатарда сотталған азаматтар да бар екен. Ал көрсеткішті 2021 жылғы дерекпен салыстырсақ, үйсіз-күйсіз адамдар саны шамамен 300-ге артқан. Келушілердің 80 пайызы ішімдікке салынған адамдар көрінеді

Орталықтың көмегіне жүгінетін адамдардың арасында бұрын жақсы жұмыс істеп, кейін екі қолына бір күрек таппай өмірдің қиын жағдайында қалып қойғандар да бар. Мысалы, 61 жастағы Қалдыбек Қалмұратов елордаға жақын Астраханка ауылынан келіп, құрылыста жұмыс істеген.

«Мен бұл орталыққа жақында келдім. Негізі, құрылысшы болып жұмыс істегенмін. Қыста жұмыс тоқтап қалды. Жалдамалы пәтерге төлейтін ақшам болмады. Басқа адамдардың айтуы бойынша осы орталыққа өзім келдім. Осы қалада қызым мен күйеу балам тұрады. Олардың өздерінің бала-шағасы бар ғой, оның үстіне пәтер жалдап тұрады. Сондықтан да қызымның үйіне баруды жөн санамадым. Осы орталыққа рақмет айтамын, жылы орын мен тамақ беріп, күтім жасап отыр. Құрылыс тоқтап тұр, әйтпесе жұмысқа шығу ойымда бар» дейді Қ.Қалмұратов.

54 жастағы қала тұрғыны Евгения Бралинова мұндай жағдайға ішімдік салдарынан түскенін жасырмады.

«2006 жылы Астанаға Павлодар облысынан жұмыс істеуге келгенмін. Әртүрлі жұмыс істедім. Содан ішімдікке әуес болып, жұмыстан шығып қалдым. Жалға берілген бөлменің ақшасын төлей алмадым. Азаматтық некедегі жолдасымның көзі көрмей, мүгедек болып қалды. Осындай қиындықтарға тап болғаннан кейін екеуміз осы орталыққа келдік. Шамамен бұл жерде 1 жылдай уақыт тұрып келеміз. Себебі мүгедектік рәсімдеу ұзақ уақытты алады. Егер арнайы төлем тағайындалса, жалдамалы пәтерге шығып, әрі қарай жұмыс істеуге болады. Негізі, екі қызым бар. Олардың өз отбасы болғандықтан мазалағым келмейді. Бірақ арасында хабарласып, сөйлесіп тұрамын» дейді Е.Бралинова.

Еліміздің түкпірінен үлкен мегаполиске «жақсы өмір» іздеп баратындар көп. Алайда барлығының шамасы мен ерік-жігері оған жете бермейді. Біз барған орталық – ауласы кең, бірнеше бөлімі бар мекеме. Бір сөзбен айтқанда, тағдырлас жандардың басын қосатын, қамқорлық көрсететін мекен.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН

– Қанат мырза, кейінгі кезде медицина қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін көтеру мәселесі қоғамда қызу талқылануда. Бұл мәселе қазір мемлекет деңгейінде қалай шешілетін болды?

– Бұл заңнама Мәжілісте Үкіметпен бірге талқылануда. Менің ойымша, бұл заң әлі де болса толығымен медицина мамандарының қажетін өтемейді. Себебі медицина қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін көтеру үшін негізгі үш қағиданы сақтау керек. Атап айтқанда, қаржылық, құқықтық және әлеуметтік қауіпсіздік. Қаржылық қауіпсіздікті дәрігердің айлығын көтерумен жабатын болсақ, бір қуанарлығы, Мемлекет басшысының тапсырмасымен олардың жалақысын жылдан-жылға көтеруге мүмкіндік туды. Ал екінші, құқықтық қауіпсіздік мәселесі бүгінде толығымен шешілмеген. Оны шешу үшін ең бірінші ҚР Қылмыстық кодексінің 317-бабын декриминализациялау қажет. Қазіргі таңда заңнама аясында бас бостандығынан айыру мерзімін қысқарту мәселесі қарастырылуда. Сондай-ақ ҚР ҚК бойынша егер жұмыс барысында дәрігердің өміріне қауіп төнсе, оны қылмыстық жауапкершілікке тарту тұрғысынан қарастыру керек. Үшінші, әлеуметтік қауіпсіздік дегеніміз – дәрігерлердің балаларын балабақшаға беруге, пәтер алуына жағдай жасау және тағы да басқа қосымша мүмкіндіктерін арттыру. Айтылған қағидалардың кейбіреулері ғана қарастырылып жатыр. Сонымен қатар бұл заңнама аясында мамандықтың жауапкершілігін сақтандару бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл – өте жақсы нәтиже. Алайда осы реформаны жүзеге асыруды орынды бастау үшін қажетті мамандар тапшылығы бар, мысалы, сақтандыру сарапшылары жетіспейді.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕН

Салауатты қоғамды дені сау, рухы биік ұлт қана құрайды. Сондықтан мемлекет бұл салаға ерекше назар аударып, жыл сайын бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Басқалар сияқты медицинаның да өз көшбасшылары мен жұлдыздары болады. Сондай мықты дәрігерлердің бірі, денсаулық сақтау саласының сарапшысы, Қазақ мемлекеттік медицина университетінің және Ганновер жоғары медицина мектебінің түлегі, Астана қаласы №8 емхананың директоры Қанат ТӨСЕКБАЕВТАН елорданың денсаулық сақтау саласына қатысты өзекті мәселелер туралы сұхбат алдық.



– Дәрігерлерге қол көтеретіндердің көбеюі дұрыс емес, дегенмен бұл бір жағы халықтың білігі төмен медицина қызметкерлерінің әрекетіне деген ашу-ызасының шегіне жетуі деп санамайсыз ба? Әлде кейбір адамдардың мәдениетінің төмендігін көрсете ме?

– Өкінішке қарай, ақ халаттыларға науқастар мен олардың туыстары тарапынан шабуыл жасау көбейіп кетті. Оның бірнеше себебі бар, біріншіден, жоғарыда айтқандай, сала мамандарының құқықтық қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген. Егер жұмыс уақытында оған науқас немесе туысы ұрыс шығарып, қол көтерсе, жәбірлеген адам тек әкімшілік жазаға ғана тартылады. Сондықтан адамдар қорықпайды. Екіншіден, науқастың өзі мен туыстарының күйзелісі, стресі. Ауыр жағдайда тұрған кезде, әрине, науқастар өзінің әрекетіне жауап бере алмайды. Бұған қоса, әлі де дәрігерлер

қызметінің қажетті деңгейде бағаланбауы әсер етуде. Тағы бір себебі – кейбір медицина мамандарының коммуникациялық қабілетінің төмендігі. Бүгінгі таңда халықтан түсетін шағымның бір бөлігі дәрігерлер мен медбикелердің науқастарға дөрекі жауап беруіне қатысты болатынын айта кеткім келеді. Мұны да уақыт өткізбей шешу керек.

– МӘМС жүйесінде түсініспеушіліктер бар. Көп адам «ақылы қызметке жүгінеміз, онда несіне ай сайын айлығымыздан осы жүйеге жарна ұстап қалады?!» деп реніш білдіреді. МӘМС жалпы қай елден алынған тәжірибе? Оның басты артықшылығы неде?

– Иә, өкінішке қарай, халық арасында МӘМС жүйесіне қатысты кереғар пікір көп. МӘМС-ке қарсы петиция да болды. Меніңше, бұл жүйе қажет, әрине, оны жақсартып, жетілдіру керегін жоққа шығара алмаймыз. Басқа елмен салыстырғанда бұл жүйенің Қазақстанда пайда болғанына үш-ақ жыл болды, ал Германияда сапалырақ саналатын әлеуметтік сақтандыру қызметінің жүзеге асып келе жатқанына 100 жылдан асты. Бізге де уақыт керек деп ойлаймын. Мәселелер өз шешімін табауда. Жалпы МӘМС жүйесін жетілдірудің бірнеше жолы бар. Біріншіден, медициналық қызмет үшін төленетін тарифті толықтыру қажет. Ол тарифтерді толық тексерістен өткізген жөн, өйткені бір тариф өте жоғары бағаланса, кей тариф мүлдем толтырылмаған.

Сондықтан бұл теңсіздікті жою керек. Екіншіден, әлеуметтік сақтандыру жүйесінде сыбайлас жемқорлық қатері бойынша жұмыс жүргізген дұрыс. Үшіншіден, осы жүйеде жұмыс істейтін, сараптама жүргізетін сарапшылардың деңгейін арттырған абзал, себебі әлеуметтік сақтандыру қорында шешімін таппаған мәселелер әлі де бар. Сонымен қатар осы жүйе арқылы қы-

– Өзіңіз МӘМС арқылы қызметке жүгініп көрдіңіз бе? Қай емханада тіркелгенсіз?

– Әрине, өзім әлеуметтік сақтандыру жүйесі бойынша қызметтерге жүгінемін, сол бойынша көмек аламын. Жеке емханада тіркелгенмін, бірақ ол жерде медициналық көмектің бәрі маған да МӘМС есебінен көрсетіледі.

– Осы саланы жетік білетін маман ретінде елорданың



зметпен халықты толықтай қамтамасыз етіп, көрсеткішті 95 пайызға жеткізу қажет деп ойлаймын. Мәселелер өз шешімін табауда. Жалпы МӘМС жүйесін жетілдірудің бірнеше жолы бар. Біріншіден, медициналық қызмет үшін төленетін тарифті толықтыру қажет. Ол тарифтерді толық тексерістен өткізген жөн, өйткені бір тариф өте жоғары бағаланса, кей тариф мүлдем толтырылмаған.

қазіргі денсаулық сақтау саласындағы қандай өзекті мәселелерді атап айтар едіңіз?

– Елорданың денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселенің ең біріншісі – шет жақтан келіп жатқан науқастар санының көптігі. Жыл-

дан-жылға Астанаға ағылып келетін адамдар саны артуда, ал бізде денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылым жобалары аясында мамандар, былайша айтқанда, халықтың бәрін толық қызметпен қамтуға үлгермей жатыр. Жаңа тұрғындар, күн сайын келіп жатқан қонақтар, әрине, денсаулық сақтау мекемелеріне қосымша жүктеме түсіруде. Бұл – инфрақұрылым жобаларын көбірек іске асыру қажет деген сөз. Бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мекемелерді күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа емханалар, ауруханалар салу керек. Сондай-ақ тағы бір өзекті мәселе, Мемлекет басшысы айтқандай, бізде медициналық көмектің сан түрі көрсетілсе де, оның қолжетімділігі әлі де болса төмен болып тұр, сол деңгейді арттыру қажет. Медициналық қызметке қолжетімділікті арттыру – денсаулық сақтау жүйесіндегі ең басты мақсаттың бірі. Әрине, дамып келе жатқан қала болғандықтан, елордада, сәйкесінше, салада мамандар жетіспеушілігі байқалады. Кадр санын арттыруда қақтыңды жұмыс жүргізу қажет деп санаймын. Басқа өңірлерге қарағанда республикалық маңызы бар қала болғандықтан, елордада жаңадан келген жас дәрігерлерге әкімдік тарапынан баспана беру мәселесі қарастырылғаны жөн болар еді. Егер сондай әлеуметтік пакет енгізер болсақ, бізге келетін жас дәрігерлер саны көбейе түсері сөзсіз.

– Бүгінде өзіңіз басқаратын №8 емхананың өзге емдеу мекемелерінен қандай артықшылықтары бар?

– Емханамызда бүгінгі таңда 63 мыңға жуық халық тіркелген. Жылдан-жылға тіркелгісі келетін басқа тұрғындар саны артып келеді. Біздің артықшылығымыз – жоғары санатты аккредиттелген сертификат алған екі емхананың бірі болуымыз. Сонымен қатар былтыр дәрімен қамтамасыз ету бойынша халықаралық GPP сертификатына ие болдық. Өткен жылы маңызды инфрақұрылым жобасын жүзеге асырдық, негізгі ғимаратымызды күрделі жөндеуден өткіздік. Бұл да науқастардың саулығына септігін тигізеді. Сондай-ақ емханадағы мамандар санының толық құрамы мен заманауи жабдықтармен 90 пайыз қамтамасыз етілуін де жетістік деп санауға болады.

Сұхбаттасқан **Райхан РАХМЕТОВА**

ӨЗІН-ӨЗІ ЕМДЕУДІҢ ЗИЯНЫ КӨП

Әдетте, суық тиіп тер қысса, парацетамолмен-ақ жазылып кетеміз. Сол үшін емханаға барып, дәрігер іздемейтініміз анық. Өз ауруымызды интернет арқылы анықтап, әрі кетсе таныс-достардан сұрап ем іздейміз.

Айгүл УАЙС

Солардың айтқанын жасап, емделетінімізге сенімдіміз. Ал созылмалы ауруы барлар үшін өзін-өзі емдеу таңсық емес, мысалы, қант диабеті бар науқастарды эндокринологтар арнайы үйретіп, дозаны қалай есептеп, өзіне-өзі қалай инсулин салуды көрсетеді. Біраз уақыттан соң өзі-ақ дәрігерге айналып, өзінің денсаулығын

бақылап, тексеріп отырады. Дегенмен үйде жатқан дәріні ішіп-ақ емделіп кетемін деген ойдан аулақ болу керек.

Интернеттегі түрлі кеңес, мықты деген мамандардың сұхбаты қанша жерден тартымды болса да, күнделікті кісі емдеп жүрген медициналық білімі мен білігі бар дәрігерлерге жетпейді. Кейбір аурулардың белгісі көп кеселдерге ортақ келеді. Бір ғана бас аурудың өзі әртүрлі кеселдің көрінісінде пайда болады. Оны анықтайтын

тек дәрігер ғана. Асқазанның жай қыжылы инфаркттың бас тамасы болуы да ғажап емес.

Дәрілердің нұсқауларын мұқият оқып шықсаңыз да, маман болмаған соң препаратты және оның дозасын таңдауда қателесу оңай. Ондайда аз ішсеңіз әсері болмайды, ал көп қабылдасаңыз, зардабы болуы ықтимал. Сонымен қатар кейбір препараттар бір-бірімен және тамақпен өзара әрекеттесе алады. Бір дәрі емдеуі де мүмкін немесе басқа ауруды

қоздырып жіберуі де мүмкін. Нұсқаулықта жазылған жанама әсерлерінің ұзақ тізімін көбіміз оқи бермейміз, түсінбейміз де. Тек жүрек айнып, бас айналумен шектелсе жақсы. Сол себепті дәрі-дәрмекті бей-берекет, дәрігер кеңесінсіз іше беруге болмайды.

Көптеген кеселмен күресте өткізіп алған уақыт адам жауына айналады. Адам өзін жайсыз сезінгеннен бастап өзінің білген ем-домын жасап, өне-міне жазыламын дегенше біраз уақыт өтеді. Дерт дендейді. Ауру өршіген сайын мүлдем жазылып кетудің мүмкіндігі азайып, қалыпты өмірге оралу ұзаққа созылып немесе айықпас дерттен көз жұмуы әбден мүмкін.



Газа аумағында қанды соғыс жүріп жатқанына 4 айға таяды. Қазір ХАМАС-тың негізгі күші шоғырланған Газа секторының оңтүстік-батысында кескілескен шайқас жүріп жатыр. Солтүстік Газадағы ұрыс қимылдары, негізінен, аяқталып, аталған аумақ жаппай Израильдің бақылауына өтті. Соғыс салдарынан аймақта гуманитарлық дағдарыс туындады. 26 мыңға жуық бейбіт тұрғын қаза тауып, Палестина аумағының басым бөлігі жермен-жексен болды. Өлгендердің басым бөлігі – әйелдер мен балалар. Ал Израиль армиясы Газа аумағына басып кіргелі 220 жауынгерінен айырылған.

Халықаралық Гага соты осы айдын басында Израильді БҰҰ-ның геноцид туралы конвенциясын бұзғаны үшін айыптайтын деректерді тыңдады. Дегенмен Нетаньяху бірде-бір сот немесе әскери қарсылас Израильді ХАМАС-ты жою мақсатынан тайдыра алмайды деп мәлімдеді. Кеше БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында «Палестина халқын ұжымдық түрде жазалауға ешқандай негіз жоқ» деп Израильді айыптай сөйледі. Осы жиналыста Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров Ресейдің Газадағы қақтығысты тоқтату жөніндегі бейбіт бастамасын жариялады. Құжатта тараптар атысты дереу тоқтатып, 1967 жылғы шекара негізінде Палестина мемлекетін құру көзделген.

Жалпы Палестина мемлекетін құру мәселесі бұрыннан айтылып келеді. Барак Обама билік жүргізген кезде Палестина мемлекетін құрып, 1967 жылғы шекара негізінде Израиль және Палестина мемлекеттерінің қатар өмір сүруін ұсынған. Бұл идеяны Палестинадағы жетекші саяси тобы «Фатх» қолдағанмен, радикалдық ұстанымдағы ХАМАС тобы қарсы шығып, Израиль мемлекетінің бақылауындағы барлық аумақ Палестина мемлекетінің аумағына айналуы тиіс деген талап қойды. 2009 жылы премьер-министр Б.Нетаньяху «Егер палестиналықтар Израильді еврей халқының мемлекеті деп таныса, онда болашақ бейбіт



ПАЛЕСТИНА МЕМЛЕКЕТІ ҚҰРЫЛА МА?

Газа секторындағы ХАМАС қарулы тобына қарсы арнаулы операция бастағалы бері Израиль әскері бір тәулік ішінде алғаш рет көп шығынға ұшырап, 21 жауынгері қаза тапты. ЦАХАЛ өкілі, контр-адмирал Даниэль Хагаридің мәліметіне қарағанда, Израиль жауынгерлері тінту жүргізген 2 ғимаратта жарылыс болып, 21 жауынгер опат болған.

келісімде біз демилитаризацияланған Палестина мемлекетін құру туралы шешімге қарсы емеспіз» деген еді. Бірақ қазір Нетаньяху ол ойынан да айнып қалған секілді. Себебі жақында ол тағы да қыңырлық танытып, Израиль-Палестина қақтығысын шешудің жалғыз әдісі ретінде екі мемлекеттің (Израиль мен Палестина) қатар өмір сүруіне негізделген көзқарасқа қарсылық білдірді. Өткен жылдың соңында АҚШ президенті Джо Байден америкалық CBS телекомпаниясына берген сұхбатында «палестиналық ХАМАС радикал тобы жойылу керек, бірақ Израиль Газаны окупацияласа, «үлкен қателік болады», сондықтан Палестина мемлекетін құру жолын

іздеу керек» деп мәлімдеген еді.

Жақында Брюссельде ЕуроОдақ елдерінің Сыртқы істер министрлері бас қосып, ұйымның Таяу Шығыста бейбітшілік орнату бойынша жоспарын талқылады. Одақ елдері Палестина мемлекетін құру алдағы бейбіт келіссөздерде талқыланатын басты мәселенің бірі болу керегін жеткізді. Бірақ жиынға арнайы мәселені шешудің ең ұтымды жолы – Палестина мемлекетін құру. Бірақ оған қазір Израиль қарсы.

Газа аумағын 3 ай бойы төпелеген Израиль Қарулы күштері ХАМАС

кепілге алған тұтқындарды толық босата алған жоқ. Керісінше, олардың да бір бөлігі Израильдің әуе шабуылы кезінде қаза тапқан. Ал ХАМАС Израиль атқылауды тоқтатып, әскерін шегіндірсе, тұтқындарды босатып, келіссөз жүргізуге дайынбыз деп отыр, сондай-ақ Газа соғыстан кейін де ХАМАС-тың толық бақылауында болуы, Израиль түрмесіндегі барлық Палестина тұтқындарын босатуы керек деп санайды. Бірақ оған Израиль келіспей, мәселені майданда шешуді көздеп отыр. Бірақ құрылғанына 30 жылдан асқан қарулы топты Израиль толық құрта ала ма? Өте қымбатқа түсіп жатқан бұл соғысты Израиль қанша уақыт жалғастыра алады? Мәселе сонда.



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ АСҚЫНДЫ

Йемендік хуситтердің Қызыл теңіздегі жүк кемелеріне жасаған шабуылы жаһандық экономикаға кері әсерін тигізіп отыр.



Қазіргі уақытта халықаралық алыс-берістің шамамен 80 пайызы теңіз жолдары арқылы жүзеге асады. Бірақ теңіздің сағасы тар, суы таяз жерлер алып кемелердің қатынауына біраз қиындық келтіреді. Қызыл теңіз – соның айқын айғағы. Аталған су айдынында осындай 2 учаске бар. Біріншісі – солтүстіктегі Суэц каналы, екіншісі – түстіктегі Баб әл-Мандеб бұғазы. Әлемдік сауданың шамамен 12 пайызы бүгінде осы жолдың үлесінде. Контейнерлер тасымалының 20 пайызға жуығы аталған су жолымен өтеді. Теңіз мұнайының 10 пайызы, сұйытылған табиғи газдың 8 пайызы дәл осы бағытпен тасымалданады. Бірақ хуситтердің кесірінен бұл жол жабылуға айналды. Осы уақытқа дейін олар кемі 12 рет коммерциялық кемелерге шабуыл жасады. Соның салдарынан тауар жеткізу көлемі 57 пайызға төмендеп кеткен. Ал Қызыл теңіз арқылы жүзетін кемелерді сақтандыру небәрі 2 айдың ішінде 0,07 пайыздан 1 пайызға дейін өскен.

МАЛ ҚЫРЫЛЫП ЖАТЫР

Моңғолияда 180 мың ірі қара жұттан қырылып қалды. Қыс кіргелі ел аумағының 90 пайызын қалың қар басып, малдың қар астынан шөп тауып жеуі қиынға соққан.



Билік жемнен таршылық көріп отырған малшыларға үкімет қорынан мал азығын сатып алуға 50 пайыз жеңілдікпен қаржы беруді жалғастыруда.

«Қазірдің өзінде Моңғолияның 21 аймағы мен Ұлан-Батырдың шалғайдағы 3 ауданына 9 миллион 182,4 мың тонна мал азығы жеткізілді» деді вице-премьер Сайнбуянгийн Амарсайхан.

НАТО-ға ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Түркия парламенті Швецияның НАТО-ға кіруін 55-ке қарсы 287 дауыспен мақұлдады.



НАТО-ның Бас хатшысы Йенс Столтенберг Түркияның бұл қадамын құптап, Венгриядан да мүмкіндігінше тезірек іске көшуді өтінді. Венгрия Премьер-министрі Виктор Орбан бұған дейін Швеция премьер-министрі Ульф Кристерссонды Будапештке келіссөздер жүргізуге шақырғанын айтқан болатын. Швеция 2022 жылы НАТО-ға қосылуға өтініш берді. Бірақ оған Түркия мен Венгрия өз талабын қойып, кедергі жасаған еді.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

ҚОС КОРЕЯ ҚЫРҚЫСЫ

Корея түбегіндегі шиеленіс қайта күшейді. Жақында Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын Оңтүстік Кореяны Солтүстік Кореяның басты дұшпаны деп атап, өз елінің Оңтүстік Кореямен бірігуі мүмкін еместігін, Сеул өзіне қосып алу саясатын таңдап, бұл бір ұлт, бір мемлекет және екі жүйеге қайшылық жасағанын мәлімдеп, әскер мен әскери өнеркәсіп саласының мамандарына соғысқа дайындықты күшейтуге тапсырма берді.

Қаңтар айының басында Солтүстік Корея Оңтүстік Кореяға жақын Пён-нёндо және Ёнпхендо аралдарына қарай артиллериялық 200 снаряд атты. Оңтүстік Корея әскері Пхеньяның қимылын «арандату» деп атап, жауап ретінде 400 снаряд атып, өз маневрін жасады. Бұл Оңтүстік Корея аралдарында болып отырған алғашқы оқиға емес. 2022 жылы желтоқсанда Солтүстік Кореяның жағалау артиллериясы аралдарды атқылап, кейін оқиғаны «жаттығу» деп атаған. 2010 жылы қарашада Ёнпхендо аралында Солтүстік және Оңтүстік Корея әскері арасында атыс болып, адам өлімі де болған.

Корея түбегіндегі жағдайдың күрт шиеленісуіне Оңтүстік Корея мен Америка Құрама Штаттарының Солтүстік Кореяға қарсы тежеу стратегияларын қайта қарап, «Арнайы тежеу стратегиясы» деп аталатын құжатқа қол қоюы мұрындық болды.

Осыдан кейін Солтүстік Корея басшысы «АҚШ-тың мақсаты – біздің ядролық қаруымызды жою ғана емес, сайып келгенде, ядролық күшімізді жою, өз-өзімізді қорғау құқығынан бас тартуға мәжбүрлеу, кез келген уақытта режимімізді құлату үшін бізді әлсірету» деп мәлімдеп, ядролық қарудан бас тартпайтынын қайталай аңғартты. Өткен жылы қараша айының соңында Солтүстік Корея алғаш рет барлау спутнигін сәтті ұшырғанын жариялады. Бұл – Солтүстік Корея үшін 2016 жылдан бергі алғашқы сәтті орбиталық ұшыру. Оңтүстік Корея барлау қызметінің өкілдері



зымыранның жаңа нұсқасында Ресейден алған технологияларға негізделген қозғалтқыш қолданылғанын мәлімдеді. АҚШ КХДР-дың ғарышқа спутник ұшыруын БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі тарапынан енгізілген санкцияларды өрескел бұзу деп атады.

АҚШ Ресей мен Оңтүстік Корея арасындағы қарым-қатынастың күшеюіне алаңдаушылық танытып отыр. Өйткені Пхеньян Ресейден алған ғарыш техникаларының өтеуіне бір миллион дана снаряд, сондай-ақ орта қашықтыққа атылатын зымырандар берген. Бұл онсыз да шешілмей жатқан Шығыс Еуропадағы шиеленісті одан сайын күшейтті. Жуырда Солтүстік Корея

тағы да Ресейге тактикалық ракета кешендері мен баллистикалық ракеталарын тасымалдаған. Ақ үй өкілінің сөзінше, Ресей 30 желтоқсан және 2 қаңтарда Украинаға жаппай соққы жасаған кезде солтүстік-кореялық ракеталарды пайдаланған. Бұған дейін The Wall Street Journal басылымы Ресей Солтүстік Кореядан баллистикалық ракеталар мен тиісті қондырғыларын сатып алған болуы мүмкін деп хабарлаған. Солтүстік Кореяда кеңестік үлгідегі Р-17 ракета кешендері бар. Ол қазір «Хвасон-6» деп аталады. Сарапшылар ол 500-1300 шақырымға ұшуы мүмкін деп санайды. Батыс басылымдарының мәліметіне қарағанда, Ресей Солтүстік Кореядан 50-ге жуық

Ал біз Алпамыс пен Қобыланды, Ер Төстік пен Толағай, Ер Тарғын туралы эпикалық жырлар мен толғауларды, ертегілер мен аңыздарды жарыса жырлап, таласа жатқа айтқан қазақ деген қасиетті халық ұрпақтарынан тарайтын ұландар емес пе едік? Қиян-кескі ұрыстар мен жан беріп, жан алысқан айқастарда елін, жерін қорғаған батырларымыздың қаһармандық үлгі-өнегелерін қадір тұтып өстік. Соларға ұқсап, өзіміз де кешегі кеңестік дәуірде қатарластарымыздан қалыспай, тіпті басқа одақтас республикалар өкілдерінің қай-қайсысынан да физикалық тұрғыдан шымыр да бойшаң, дене пішініміз тарапынан кең иықты, тепсе темір үзердей қуатты қалпымызбен олардан әлдеқайда асқақ кейіпте болдық.

Таяуда туған жерге сапар барысында алыстағы ауылды аралап, туған-туыстармен қауышып, қазіргі қоныс – Астанаға аттанар алдында облыс орталығында азырақ аялдауға тура келді. Солардың ішінде көңілге аса бір жылылық ұялатқан, жерлестерім үшін асқан мақтаныш сезіміне бөлеген мына бір маңызды іс-шара ерекше есте қалғанын айтым келеді. Бұл – тек осы өңір үшін ғана емес, жалпы кең-байтақ Отанымызбен көршілес, бағзы заманнан бауырлас башқұрт еліне де аса сыйлы саңлақ сардар Сәрке батыр атына көше беріп, соның ашылу салтанаты.

Батыр бабамыз туралы тарихи мәліметтерге тоқталып өтсек.

Сәрке батыр – халыққа кең танымал қолбасшы және қанды қырғын, аласапыран заманда, «ақтабан шұбырынды» деп аталатын, қазақтың төбесіне қара бұлт төнген кезеңде найзасы мен садағын қолға ұстап, қаптаған қалың жоңғарға қасқая қарсы тұрған нағыз батырдың бірі. Сәрке батыр 1690 жылы дүниеге келді, шын есімі – Мендібек Шоңмұрынұлы.

Батырдың жастық шағы қазақтың ең атақты хандарының бірі Әз Тәукенің заманынан басталып, Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың ел басқаруымен тығыз байланысты. 1716 жылғы Бөкенбай бастаған Кіші жүз сарбаздарының қалмақ пен қазақтарға қарсы соғыстарында Сәрке батыр ерлігімен көзге түскен. 1723 жылы басталған «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен белгілі болған жоңғар шапқан-шылығы заманында Тайлақ



САҢЛАҚ САРДАР СӘРКЕ БАТЫР

АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ АРДАҚТАП, БАРЫМЫЗДЫ БАҒАЛАЙ АЛЫП ЖҮРМІЗ БЕ?

Өркениет дамуының жоғарғы сатысы – жаһандану кезеңі жеке адами қадір-қасиеттерге ғана емес, жалпы адамзаттық болмысқа аса ауыр қатер төндіріп отыр. Ең бастысы, ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалуымыз да әбден мүмкін. Бұл ретте атадан балаға мирас болып, сан ғасырлардан бері жалғасын тауып келе жатқан батырлық дәстүрден айырылып қалу қаупі тіпті айрықша алаңдатады.

батыр бастаған Жағалбайлы сарбаздарымен киелі Ырғыз, Торғай өзендерінің арасында жоңғардың қалың қолын үш жыл бойы алға жылжытпай тоқтатып тастаған Алшынның 25 рулы елінен шыққан 25 батырдың бірі.

Тағы бір деректер көзінде Сәрке батырдың үлкен ерлік көрсетіп, халық арасында зор беделге ие болған шағының бірі – Бұланты-Білеуті және Аңырақай шайқастары екені атап көрсетілген. Бұл шайқастарда Кіші жүз жасағын есімі В.Бартольд, И.Кастанье, Ш.Әлиханов, Ә.Диваев, М.Тынышпаев сынды көрнекті ғалымдардың еңбегінде кездесетін Тайлақ батыр басқарған. Бұланты өзені бойындағы «Қара сиыр» деген

жерде өткен шешуші ұрысқа Тайлақ батыр қолының құрамындағы Жағалбайлы руының сарбаздарын бастап сардар Сәрке де қатысқан. Дәстүр бойынша шайқас екі батырдың жекпе-жегінен басталған. Бұл жекпе-жекке қазақтар жағынан Сәрке батыр шығып, асқан басымдықпен жеңіске жетіп, қазақ әскерінің рухын көтеріпті. Бұланты бойындағы шайқас бірнеше күнге созылып, қазақтардың жеңісімен аяқталғаны белгілі. Сәркенің жоңғар батырымен жекпе-жегі өткен төбе содан былай Сәркетөбе аталып кетсе, ал өзін халық «Алтын сапты алмас қылышты Сәрке батыр» деп қошеметтеген екен.

Сәрке батыр есімі құжаттарда 1755 жылғы башқұрт

көтерілісімен байланысты да аталады. Сол заманғы қазақ тарихын кеңінен зерттеген ғалымдарымыздың бірі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұхтар бұл жөнінде: «Кіші жүз ханының ішкі-сыртқы саяси жағдайының бірқалыпты өрбуі барысында, оның болашақ көрші елдермен қарым-қатынасына түбегейлі өзгеріс әкелетін 1755 жылғы башқұрт ұлт-азаттық көтерілісі басталды. Оларды әскери күшпен басу барысында түбі бір туысқан халық қазақ ауылдарына үдере көшті. Алғашқы башқұрттар легі Жағалбайлы Сәрке батыр ауылына қабылданды» деп жазды.

Орыс ғалымы А.Чулошниковтің 1755 жылғы башқұрттар

көтерілісінің тарихын зерттеген еңбегі 1940 жылы жарыққа шыққан екен, мұнда да Сәрке батырдың есімі аталып, оның Кіші жүздің абыройлы да беделді тайпасы – Жағалбайлы руының басшысы екені айтылады.

Айта кету керек, қай кезде де халық батырларын өз ішінде ақын, жырауларының аңыз, жырлары арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Бұл қазіргі уақытта да жанды жалғасын тауып, жергілікті ЖОО-лар ғалымдары мен тарихшылар еңбегінің, сол өңірлерде жанқияр іс-қимылдарымен, ізденімпаз зерттеушілік еңбегімен танылған өлкетанушылар тарапынан да жүзеге асып келе жатқаны қуантады.

Солардың бірі де бірегейі, тек өз республикамыздағы Ақтөбе, Қостанай облыстары, Торғай төңірегі ғана емес, тіпті Ресейдің Челябин, Түмен аймақтарында да зерттеу жұмыстарымен танымал – төл тарихымыз жанашыры, құрметті өлкетанушы Баянғали Құлтаев мырза атқарып жүрген қыруар еңбекті атап айту парызымыз деп білемін.

Мәселен, тап осы Сәрке батыр тұрғысындағы сол атпал азаматтың мына бір пікірін келтіре кетуді жөн көрдік: «Патша билігі көтерілісті басқаннан кейін, көтерілісшілердің бір легі қазақ арасынан пана тапқан. Олардың соңынан қуып келген

“

Сәрке батыр – халыққа кең танымал қолбасшы және қанды қырғын, аласапыран заманда, «ақтабан шұбырынды» деп аталатын, қазақтың төбесіне қара бұлт төнген кезеңде найзасы мен садағын қолға ұстап, қаптаған қалың жоңғарға қасқая қарсы тұрған нағыз батырдың бірі. Сәрке батыр 1690 жылы дүниеге келді, шын есімі – Мендібек Шоңмұрынұлы

қазақтар мен Еділ қалмақтарын қазақ сарбаздары күтіп алып, тойтарыс берген. Ал кейін амнистия жариялануына байланысты башқұрттар өз жеріне аман-есен оралыпты. Башқұрт халқы қазақтың бұл жақсылығын бүгінге дейін ұмытпай келеді. Бұл сөзімізге Башқұртстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі, журналист Нияз Алсынбаевтың башқұрт-қазақ қатынастары туралы еңбегінде айтылған: «Сәрке батыр... башқұрт көтерілісшілеріне олардың патша билігіне қарсылықтары кезінде белсенді түрде көмек көрсетті. Екі халықтың арасындағы достықты нығайтуға зор үлес қосқан бұл ғажап тұлға, есімі мәңгі сақталуы үшін Башқұртстан мен Қазақстан қалаларында ескерткіш қоюға әбден лайық» деген пікірі дәлел. Осылайша, Сәрке батыр – бауырлас екі халық арасындағы бауырмалдыққа, достыққа дәнекер болған, ұмытылмас жанашырлықтың жарқын үлгісіне айналған тұлға».

Айтса айтқандай-ақ, сонау көршілес мемлекетте Сәрке батырдың ерлігі мен елдістіру еңбегі лайықты бағасын алып жатқанда, туған топырағы мен облыс орталығында көше атауын иеленуі – құба-құп шара. Ал өз кезегінде, ақтөбеліктердің асыл баба аруағын асқақтатып, батырына осындай құрмет көрсетіп жатқанында, енді оны еліміздің басты қаласы – Астана қолдап, нақ солардай ишара білдірсе деген де ұсынымыз бар. Тіпті бұл туралы Ақтөбе облыстық мәслихатының төрағасы Г.Сүйентаева атынан Астана қалалық мәслихатына да арнайы қатынас хат жолданған екен.

Түптеп келгенде, еліміздегі саяси өмірімізде орын алып жатқан оңды өзгерістердің – өз тарапынан халықтың осындай игі іс-шараларға атқарушы билікке иек артып, азаматтық қоғам қатынастарын нығайта түсуге ұмтылысымен айшықталуына қуанымыз керек. Міне, сонда ғана әлемді жайлаған экономикалық, саяси және мәдени бірігу және біріздену үдерісіне қарсы тұра алып, ұлттық құндылығымызды қадірлеп, ғасырлар тереңінен таза сақталып келе жатқан шынайы болмысымызды бекемдей аламыз.

Исатай ҚАМБАРОВ,
саясаттанушы,
Ақпарат саласының
үздігі

ЖҰРТТЫ БІРІКТІРЕТІН ҚҰЖАТ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел бірлігін нығайту, қоғамды, халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыру, Қазақстанның болашағына тікелей әсер ететін мәселелер мен міндеттерді кеңінен талқылау мақсатында Ұлттық құрылтайды құруға бастамашы болды. Киелі Түркістан шаһарында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Президент «Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Біздің әлемдегі орнымыз, ең алдымен, ұлтымыздың сапасына байланысты болмақ» деді. Осы орайда кейбір ойларыммен бөліскім келеді.

Қазір қазақстандық қоғамды дүрліктірген оқиғалар халық арасында көп әрі қызу талқыланады. Мысалы, елге белгілі әулеттен шыққан танымал адамның әйелін өлтіруі резонанс тудырды. Бұл іске қатысты әлеуметтік желі қолданушыларының пікірлерін оқып-ақ қазіргі қоғамның бет-бейнесін, осы уақытқа дейін жасырын ұсталған мәселелерді бар бояуымен көруге болады. Мұның түбін қазбаласак, арғы жағында талай уәселе жатыр.

Кеңес дәуірінде бірінің үстінен екіншісінің «домалақ арыз» жазуы, қуғын-сүргін миллиондаған адамдардың өмірі мен тағдырын тас-талқан етті. Сол

заман тәрбиесін көрген аға буын мен Тәуелсіз Қазақстанда қалыптасқан жас азаматтардың да көзқарастарында қарама-қайшылық пайда болды, бір сөзбен айтқанда, қос буын арасында күрделі қарым-қатынас орын алды. Қазақ әдебиетінің классигі саналатын жазушының өмірден өткен тұлғалар мен замандастарын аяусыз сынаған таяудағы сұхбаты немесе «Оян, қазақ!» көркем фильмі ешкімді бейжай қалдырмады. Бұл тұлғаларға, тарихқа деген көпшіліктің қыңғушылығын аңғартады. Алайда әр буынның бұған көзқарасы әртүрлі.

Қазір Қазақстан тарихын-

дағы кейбір өзекті мәселелерді саралау бойынша мемлекеттік органдар жұмыс жүргізіп жатыр. Бұл жұмыстың маңызы ерекше екенін атап өту керек. Бірақ бұл іс техникалық немесе косметикалық бағытта өрбіп жатқан жоқ па деген күдік те бар. Менің пікірімше, бұл тарапта кейбір көтерілісі, Жаңаөзен қаласындағы және Қаңтар оқиғалары, Кеңес өкіметі кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін арасында жүйелі байланыс бар. Бұл оқиғаларға қазақстандық қоғам тарапынан екі түрлі көзқарас қалыптасты. Қазақстанды бұрын басқарған

жекелеген тұлғалар ісіне, қызметіне мемлекеттік органдар тарапынан дұрыс баға берілмей келеді деп айтылып жүр. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде сансыз табиғи байлыққа ие Қазақстан халқының әлауқаты неге көтерілмеді? Бұл мәселе әлі де өзекті күйінде қалып тұр. Осыған байланысты қазақстандық қоғамның белгілі бір бөлігінің сол кезеңде жұмыс істеген және қазіргі уақытта жұмысын жалғастырып жатқан кейбір немесе барлық шенеуніктерді люстрациялау туралы талабын еске түсіру орынды.

Қаңтар оқиғасы кезінде құқық қорғау органдары қызметкерлері бастапқыда неге «қуту» позициясын ұстанды? Әрине, оларға тікелей басшылары «тыныш отыр» деген тапсырма берген деп айтылып жатыр. Оның екінші айтары да бар. Меніңше, бұл 1986 жылғы желтоқсандағы және Жаңаөзендегі оқиғалардағы сияқты қайтадан жазықты болып қаламыз деп үрейленуден орын алған сияқты. Желтоқсан кезінде кейбір шенеуніктер құқық қорғау және сот органдары қыз-

меткерлерінің өзін тергегендей қылды. Кей кітаптарда тәртіп сақшыларының аты-жөндері көрсетіліп, негізсіз қараланды. Бұл тиісті оқиғалардың нақты мән-жайын, ақ-қарасын білместіктен орын алды. Осындай жағдай айқын әділетсіздікке және Қазақстанның құқық қорғау және сот органдарының беделін түсіруге әкелді. Өкінішке қарай, қазір сол оқиғаларға объективті түрде баға беруге және сол кезеңдегі құқық қорғау және сот органдарының қызметкерлерін ақтап алуға ешкім тырыспайды. Қазіргі тәртіп сақшылары ертең өздері қуғын-сүргінге ұшырамай-тынына кім кепілдік бере алады? Себебі тарих қайталануға бейім.

Көпшілік жылы қабылдаған «Оян, қазақ!» фильмінде кейбір пікірлерге сенсек, бірін-бірі ата жау санауы тиіс Аманкелді Имановтың ұлы мен Міржақып Дулатов қызының кездесу сәті бейнеленген. Осыдан үлкен тәлім, сабақ алуға болады. Болашақта белгілі бір тұлғаны немесе белгілі бір адамды, әулетті негізсіз кінәламау, орынсыз қараламау үшін ұлттық татуласу актісін

қабылдау қажет деп есептеймін. Болған оқиғаны кешіру, оған қатысушыларды татуластыру үшін қазақстандықтарды біртұтас халыққа біріктіретін құжат қабылдау керек, болашақ үшін бірігу қажет. Бұл – менің азамат, заңгер ретіндегі жеке ойым. Әлем халқы дамудың әртүрлі кезеңдерінде осындай сатыдан өтті. Бұл тарапта Германияның антифашистік қозғалысын, Испанияның азаматтық соғысын, Францияның Виши Үкіметін, Аргентина, басқа да елдердің тарихын еске түсіру жеткілікті. Бұл мемлекеттер қайғылы тарихи оқиғалардан сабақ алып, өз халқын біртұтас етіп, біріктіру үшін шаралар қабылдады. Біз де Қазақстан халқын біріктіру үшін осындай шараларды қабылдауымыз керек. Біз осы құжатпен құқықтық негіз құрып, тұрғылықты жеріміз бен тегімізге қарамастан, ұлтымызды біріктіру туралы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманын жүзеге асыра аламыз.

Нұрғали МАМЫТОВ,
заң ғылымының PhD докторы



Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

**ЖАСТАР
ЖАТАҚХАНАҒА ЗӨРҮ**

Өртке оранған хостел Алматы қаласында орналасқан оқу орындарымен ешқандай меморандумға қол қоймаған. Медиа мен әлеуметтік желілерде өзіне қарата айтылған айыпты ескерді ме, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек дереу үн қатты. Министр бүгінге дейін университеттермен келісімшарт орнатқан хостелдерде ешқандай келеңсіз жағдайлар болмағанын жеткізді. Одан өзге Алматыдағы бірде-бір жоғары оқу орны студенттерін аталған хостелге орналастыруға келісім бермегенін айтты.

Ұлттық экономика министрлігі Инвестициялық саясат департаменті директорының орынбасары Алмаз Құсайынов мемлекет-жекеменшік әріптестігі аясында тұрғызылып жатқан жатақханалар туралы «Мемлекет-жекеменшік әріптестігі шеңберінде Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттеріне арнап 3 310 орындық жатақхана салу көзделіп отыр. Бұдан бөлек, Президент тапсырмасы аясында әлеуметтік салада мемлекет-жекеменшік әріптестігін дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы әзірленіп жатыр. Осы кешенді жобаны пысықтау барысында Ғылым және жоғары білім министрлігі 7 950 орынға арналған 4 студенттік жатақхана салу бойынша 3 жоба ұсынды» деді.

Министрліктің дерегіне, бүгінде Алматы қаласындағы барлық жатақхана саны – 149, төсек-орын саны – 39 145. Былтыр республика бойынша жатақханадағы орын тапшылығы 69 мың орынға жетсе, қазір тапшылық саны – 17 448 орын.

Студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын жою үшін жоғары оқу орындары 7612 төсек-орынды 87 нысанды (қонақүйлер мен жатақханалар) жалға алған. Саясат мырза жалға алынған нысандарда өрт қауіпсіздігі, санитарлық нормалар, камералар мен турниктердің болуы, коменданттық сағаттың сақталуына қатысты жоғары талаптар қойылғанын, сонымен қатар студенттік омбудсмендердің қатысуымен үй-жайларды бақылау және тексеру жүйелі түрде жүргізілетінін атап өтті.

Әрине, жасалып жатқан жұмысты жоққа шығаруға болмас. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңа ғимараттар салуы басталды. Мысалы, былтыр 100 мың адамға арналған 44 жатақхана салыныпты. Одан бөлек, 64 хостелден 4 мыңға жуық орын берілді. Былтыр

ЖАТАҚХАНА ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАШАН ЖОЙЫЛАДЫ?

Жыл сайын елімізде мемлекеттік білім беру гранттарының саны артып келеді. Жастарға бөлінетін грант пен студент көбейген сайын жатақханада орын жетіспей жатқаны белгілі. Бұл мәселе жоспар бойынша 2022 жылдың соңына дейін толығымен шешілуі тиіс еді, бірақ олай болмады. Биыл бір сәтте, Алматыда хостел өртенді. Қайтыс болғандардың арасында қазақстандықтардан өзге, шетелдіктердің де бары анықталған. Тоғызы Қазақстан азаматы болса, төртеуі Ресей және Өзбекстан мемлекетінен келген.



Қазір республикада 1 миллионнан астам студент бар. Бүгінгі таңда Қазақстанда жатақхана тапшылығы 70 мың төсек-орынды құрайды, оның ішінде Астанада – 15 мыңнан астам, Алматыда – 33 мыңнан астам. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет қарастырылып отыр

Алматыда 26 мыңға жуық орын жетпесе, қазіргі көрсеткіш 11 мыңға төмендепті.

Жалпы, жатақхана мәселесі Алматы мен Астана ғана емес, Атырау, Семей қалаларындағы оқу орындарында өзекті екен. Сол үшін бірінші кезекте осы сияқты қалалардағы 5 универ жатақханамен қамтылуға тиіс.

– Біздің елдің шындығы сол, проблемаға әбден шегіне жеткенде, жардың шетіне тірелгенде ғана көңіл бөлінеді. Былтыр, алдыңғы жылдары екі рет орман өртенгеннен кейін орман шаруашылығында істейтін адамдардың жағдайына көңіл бөліне бастады. Әскердегі жағдай, әйелдердің құқы... Айта берсек көп. Жатақхана мәселесі бірден шешіле қалатын нәрсе емес, уақыт керек. Ғылым және жоғары министрлігінің бір миссиясы

осы мәселені соңына дейін жеткізу болады-ау. Болашақта барлық универлердің жағдайы Назарбаев Университетінің оқу корпусы мен жатақханасындай болса екен, – дейді журналист Арнұр Асқар.

ХОСТЕЛДЕР ТЕКСЕРІСТЕН ӨТЕДІ

Өйткені жалға берілетін үй-жайлардың ішінде қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзып отырғандар бар. Құзырлы орган өкілдері бизнес иелерінің өрт қауіпсіздік ережелерін ескермейтіндігін айтуда. Жертөленің ішінде хостел ашып, адам өмірін қауіпке тігіп отырған кәсіпкерлер де бар. Мамандар Астанадағы тұрғын үйдің жертөлесінде бес жыл бойы жұмыс істеп келе жатқан хостелді тексерді. Бағасы арзан болғандықтан, бұл жерді паналап келетіндердің қарасы көп. Аядай бөлмелердің терезесі жоқ, ауасы тар, дәлізі азынап тұр.

– Енді сол бағасы қолайлы болғаннан кейін күніне 1200 теңге төлейміз. Такси болып істеймін, аздаң шығам, осында кешкісін келем, жатамыз, кетеміз, болды. Хостелдің ішінде 80 жатын орын бар. Бұл жерді паналайтындардың көбі – жастар. Бірақ мұндай үй-жайларда заң талаптары өрескел бұзылған. Санитарлық ережелер бойынша хостелдерді үйдің жертөлесінде орналастыруға тыйым салынған. Қауіпсіздік талаптары атымен жоқ, – дейді хостел тұрғыны Нұрсұлтан Жүнісбеков.

P.S: *Алға басуға ниеттенген кез келген қоғамның, адамзат тарихындағы өркеніеттің іргетасы білім мен ғылымнан тұратыны белгілі. Біз осы арқылы жатақхананың ғана емес, білім мен ғылымның іргетасын қалайтынымызды ұмытпалық. Абай атамыз «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейді. Студенттерге салғалы жатқан жатақханамыздан хакім Абай айтқан ақыл, ғылым, ар, мінезбен озатын жастар өсіп шығарына сенгіміз келеді.*

– Жертөледе хостел орналасқан. Адамдар тұрып жатыр. Шығу жолдары жабық. Нәтижесін біз қала әкімдігіне, прокуратураға жібереміз. Құрылыс талаптары мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау керек, – дейді Астана қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы Мадияр Мырзагелдиев.

Депутаттар елдегі барлық хостелге аудит жасау керектігін айтады. Өйткені панажайлардың көбі тұрғын үйлердің техникалық қабатында немесе жертөлелерде орналасқан. Ал жауапты органдардың тексеру жүргізуге құзыреті шектеулі. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров: «Заңнан өрт сөндіру қызметінің барлық бақылау функциялары алынып тасталған. Бүгінгі таңда тұрғын үй салған кезде, сонымен бірге ғимараттар салған кезде, өрт сөндіру қызметінің бірде-бір шешім қабылдау функциясы жоқ. Бұл – елдегі қанша адамның өмірі мен денсаулығына қауіп. Сондықтан бүгінгі таңда өрт сөндіру қызметінің құзыретін арттыру керек. Бір ғана Астананың өзінде 80-ге жуық хостел тіркелген. Бірақ бұл респми дерек қана. Қоймалар мен жертөлелерді жалдап, астыртын жұмыс жасап жатқан кәсіпкерлер де бар. Құзырлы органдар мұндай заңсыз үй-жайларды анықтап, нәтижесін қалалық әкімдік мен прокуратураға ұсынбақ» дейді.

ҰСАҚ-ТҮЙЕК, БІРАҚ...

Біздің зейнеткерлердің негізгі тірлігі: денсаулығымызды күту, отбасымыздың амандығын тілеу, балаларымыз бен ұрпақтарымыздың жақсы жақтарын көріп, тәрбиелеу. Әр адамның өзінің айналысатын сүйікті (хобби) шаруасы болады. Одан қалған уақытта бұқаралық ақпарат құралдарымен айналысып, оған сын көзбен қарап жүреміз. Осы мақала БАҚ-тағы кейбір келеңсіздіктер туралы. Ана тіліміз бай деп кеудемізді соғамыз. Кейбір шет тілдер аударылмай, сол қалпында беріледі. Мысалы: «ведомства», «функция», «роль», «акция» деп кете береді. Біздің қаланың көшесінде «Мобильді қала» деген жарнама көрдім. Осы сөздің қазақшасы жоқ па?

Теледидардың жүгіртпе жолында жиі қателер кетеді.

Экранның сыртындағы қызметкерлер соны көрмей ме? Таяуда ғана Туризм және спорт министрі деген жүгіртпе сөздің орнына күнімен «Мәдениет және спорт министрі» деген сөз «жүгірді». Ал шын мәнінде жаңа министрдің сөзі беріліп жатты.

Соған қарағанда редакторлар жүгіртпе жолды басында бір салып қояды да, сосын оған өзгерістер жасамайтын сияқты. Олай дейтінім, қазір ауа райына байланысты онлайн оқыту деген бар. Енді бірде қарап отырсам, кешкі 21.00-де «бүгін екінші ауысым онлайнмен оқиды» деп жазыпты. Екінші ауысым өтіп кетті, осы сөйлемнің қажеттігі қанша? Кейде

Мекеменің есебінен кететін шығар. Меніңше, қызметкердің бәрі бірдей, біріне көңіл айтып, басқаларын ескермеу әділетсіздік деп ойлаймын. Сондықтан көңіл айту газет арқылы кімге айтылуы керек, менің ойымша, халқына ерекше еңбегі сіңгендердің еңбек жолын көрсете отырып, көңіл білдірген дұрыс болар еді. Мекеме болған соң ондағы еңбеккерлердің туыстары қайтыс болып жатады, оны газет арқылы емес, өзіне жеке айтса да жеткілікті ғой.

Ескерткіштер не үшін қойылады? Ол тұлғаның өшпес ерлігін немесе ерен еңбегін бағалау үшін қойылады. Ал сол ескерткіштерді дұрыс құрмет тұтып жүрміз бе? Жазда айналасы көбіне тазаланбайды, кейбіреулерінің жанына табиғи гүл егілмейді, ал қыста төбесінде,



бір цифрларды келтіреді. Түсінбейсің, ол көп пе, аз ба, өйткені ол саладан хабарың жоқ. Таяуда орталық газеттің бірінде «Күйші» деген сөздің бір әрпі түсіп қалып «күші» деп жазылып кетті.

Теледидарда жарнама өте көп сияқты. Қаржы табу керек шығар, бірақ оның соңына түсіп көрерменнен айырылып қалмайық. Шындап келсе, теледидардың негізі міндеті – халықты тәрбиелеу ғой, ақша табу емес.

Қазір әйел басшыларды «төраға» деп жазып жүр. Осы дұрыс па? Әйел адамды бұрын зайыбы дейтін, қазір көбіне жұбайы деп жазады, қайсысы дұрыс? Ерлі-зайыпты дегеннен кейін, әйелі зайыбы болса керек.

Тағы бір қозғайтын мәселе – көңіл айту туралы. Кейбір қызметкерлерге, әсіресе басшыларға газет арқылы көңіл айтып жатады. Сол көңіл айтатындар қаржыны өз қалтасынан шығармайды-ау деймін.

иығында қар жатады. Тіпті аяйсың, тоңып тұрған сияқты көрінеді. Ескерткішті бір мекемеге бекітіп, қарап жүрудің не қиындығы бар? Гүлдердің қажеттілігі не? Меніңше, денсаулыққа пайдалы болуы керек, екінші – әдемілікке. Біз әдемілігіне көңіл бөліп, көп жерде табиғи емес гүлдерді орналастырып қойғанмыз. Мейрамхана, мекемелерде тіпті үй ішінде табиғи гүлдерді өсірудің не қиындығы бар? Мән бермейміз. Көпшілік жиналатын жерлерде табиғи гүлдер өсіп тұрса, ауаны тазартуға септігін тигізеді ғой.

Менің осы жазғандарым ұсақ-түйек сияқты, алайда біздің көңілімізге кірбін түсіреді. Демек, не жамандық болса да, ұсақ-түйектен басталып, үлкен проблемаға айналады. Соны аңдайық дегім келеді.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
зейнеткер

Шынымды айтсам, 20 күн бойы әлемдегі ең дана адаммен – Алаштың ардақты ақсақалы, Арқа баспасөзінің ардагері, бүгінгінің нағыз зиялысы Қасым Орынбетов әкемізбен тілдескендей сезімде болдым. Бұрын да мұндай мазмұнды, салиқалы әңгімелерді Мақпал апайдың әлеуметтік желідегі парақшасынан оқып, сәулелі сөздің құдіретіне қайран қалып жүруші едім. Ал мына кітап рухани қайнарға, ой ұлылығына тұнып тұр. Әр бетін ашып қалсаң, адамзат баласының ең асылы – ақпейіл қарттың дана сөзіне, жылы жүрегі мен қазақы тіліне таңдайыңды қағып, рухани шөліңді баса алмай, қайнарынан қанып ішуге ұмтыла бересің, ұмтыла бересің...

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

«Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек – осы төртеуі кімнің бойында болса, сол шын адам болады» депті Шәкәрім атамыз бір сөзінде. Міне, қазақтың Қаскендей қадірлі қариясының есті әңгімелерін оқып отырып, өне-бойынан сол шын адамның, толық адамның бет-бейнесін көрдік. Сексеннің сеңгіріне шыққан көкірегі көмбе ақсақалдың сөздің ең ұлысы – Тарихты жадына өшпестей етіп жазып алғанына сүйсіндік. Жаһандану заманында біз жоғалта бастаған ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, болмыс-бітімімізді қарапайым тілмен, өмірдегі айшықты оқиғалармен әңгімелегеніне көңілің тоғаяды.

Қасым Орынбетовтің рухани қайнарына «күмп ете түскен» адам ұлт санасын оятқан рухани алыптар (хан Абылай, қабырғалы билер) әлеміне, Алаш арыстарының зар заманына, кешегі тоталитарлық жүйе үстемдік құрған тар заманға, бүгінгі тәуелсіздік алған жылдарға дейінгі дәуірлердің дастанын оқып, кеңістігін оймен кезіп шығады. Бұл жердегі оқырман алып таудан алтын іздеген жиһанкез болса, әр әңгімені оқыған сайын, заңғар таудың әр тасынан алтын түйіршіктерін тапқандай қуанады. Данагөй қарттың есті де өнегелі әңгімесінен көнеден тасқа қашалған нақыл сөздерді де, қазақы даналықтың даралығын айшықтайтын көркем ойларды да, шешен де тапқыр бабаларымыздың ой-қазынасын да, ұлттық болмысымыздың тереңдігін танытатын құнарлы көмбені де, әр заманның адамдарын көңіл таразысына сала білген зерделі жанның кемелдігін де көзбен ғана емес, көңілмен де анық көре аласыз. Қаскеннің есті сөзі бәрімізді ойландырып, толғандырумен шектелмей, рухани қайнарымыз – ұлттық қалпымызға қайтып оралуға үндейді. Ұлттық рухынан, қазақы болмысынан ажырап бара жатқан жұртын қазақ болуға шақырады.

«Бала кезімізде әке-шешеміздің аузынан «ұят болады», «жаман болады» деген сөздерді жиі еститін едік. Осы сөздерден жақсы тәрбие алдық. Үлкенге қарсы сөйлем, алдын кесіп өтпе, бейпіл сөз айтпа, тағы сондайлар ұят болады. Үйге қарай жүгірме, табалдырықты баспа, есікті керме, бос бесікті тербетпе, бас киімді теріс киме, шашыңды жайма, тағы сондай сөздер жаман болады. Ата-ананың осындай кеңестерінен ұят болмасын деп, ұялшақтау, жаман болмасын деп сақтаңа жүріп ержетіп, есейдік. Оқығанымыздан гөрі үлкендерден алған рухани тәрбиеміз молдау болды. Ал қазіргі жастарда үлкендердің тәжірибесінен гөрі оқуы мол. Қазақи наным-тыйымға шорқақ» дейді Қаскен екі түрлі тәрбиені салыстырып-салмақтап астарлы ойын жеткізіп.

«Бармын деп мақтану, даңқтымын деп бардай болу, білгірмін деп күпірлену, өзінді



ҚАЙНАРЫНАН ҚАНЫП ІШ...

(белгілі қаламгер, Мақпал Орынбетованың «ӘКЕМ АЙТАДЫ» атты кітабы туралы бірер лебіз)

өзгеден артық санау – мінездегі кемшілік. Алланың берген жақсылығын пайдалан. Рахатын көр. Асып кетіп, тасыма» дейді ар азығын жан қалауына айналдыра білген, елі үшін еңбек етіп, арда қазағына сүйкімді болған Қасым ақсақал. «Әкеде де әке бар, балада да бала бар» деп Алаш арысы Міржақып Дулатұлынан қалған есті сөз бар. Осы сөз өзінің жан-дүниесін тірліктегі ұсақ нәрсемен, болымсыз қарекетпен былғамаған, ақ жүрегін аппақ қалпында сақтаған ақылды әкеге, хас зиялыға арналып айтылғандай.

Кітаптың қай бөліміне келсең де аузы дуалы қарттың адалдық, әділдік, ақжүректілік, мейірімділік, ынсаптылық,



татулық, туыстық туралы ой толғамдарына үңілсең, өзінің жеке басын емес, өмір жолында Жаратқан жүздестірген жандардың бет-бейнесі арқылы яғни, бірдің емес мыңның мінез-құлығы, тәлім-өнегесі арқылы шынайы оқиғаларды қызықты етіп әңгімелеуімен өзіне баурап алғанына таң-тамаша боласың. Бұл шығарманы бас көтерместен оқып отырып, жылы жүректің жалынына жылынып, көркем ойдың шуағына шомыласың! Ақылы толысқан екенің сүйікті қызына қана емес, тұтас ұлтына өнегелі сөз қалдырғысы келгенін пайымдайсың.

Демек, «Әкем айтады» әр қазақтың үйінің төрінде тұратын кітап ғана емес, көңілі мен көзінен таса қылмайтын құнды затқа айналып, Қасым ақсақалдың ескірмейтін есті сөзін күллі қазақ оқып, санасына тоқыса, нұр үстіне нұр болар еді. Ендеше, қазақ болып қаламыз десек, ар-ожданымның екі дүниесіне азық еткен асылдың сынығы, жақсының тұяғы Қаскеннің рухани қайнарына бас қояйық! Дүниедегі ең қымбат қазынаны жан-жүрегіне сақтап, ұлтына уыс-уыс қылып ұсынып отырған Қасым әкеміздің айтары, оны қарашаға қаз-қалпында жеткізетін жаны жайсаң Мақпал апамыздың жазары таусылмасын дейміз!

ӨЛЕҢМЕН ӨТСЕ ӨМІРІМ

Жазбай кейде өлеңді,
Жүрсем күндер өткізіп.

Өзі сөйлеп береді,

Өмірдегі көп қызық, – демекші, өлеңді жазамын деп ойламайсың. Өлең өзі топ етіп, нөсерлеп келеді. Ол күн-түнге қарамайды. Тек көңіл күйіне, шабытыңа, кейде ауа райына да байланысты болады.

Әдетте барлық ақындар алғашқы өлеңдерін туған жеріне, анасына арнап жазады. Бәлкім, бұл адами немесе табиғи заңды құбылыс шығар. Мен сондай үлкен ақиық ақын емеспін. Өз басым поэзиядан гөрі проза жанрына жақын жанмын. «Өмір нұры» және «Өмір өрісі» атты екі кітабым баспадан жарық көрді. Көптеген әңгімелерім, суреттеме мен мақалаларым республикалық «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Дат», Ақмола облыстық «Арқа ажары», «Торғай таңы», «Шамшырақ нұры», «Астана ақшамы» газеттерінде, «Көкшетау» журналында, басқа да басылымдар да тұрақты жарияланып тұрды.

Дегенмен «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деп Абай атамыз айрықша атағаннан ба, ойыма жыр жолдары да жиі оралады. Әлі есімде, арада көп жылдар өтсе де, мына бір бала-шала өлең ойымда қалыпты.

Туған жер, алтын ұя, бесік жырым,
Өзінде өтіп еді саби кезім.
Ең алғаш тәй-тәй басып жүргенімде,
Көтеріп, демедің ғой мені өзің

Есейіп, алыс шалғай кетсем де,
Сонда да ораламын туған жерге.
Қуаныш, қимас сезім көңілімде,
Ақмола – құт мекенсің сен әлемде.

Сөз жоқ, бақытты балалық шақтан соң қайратты да жалынды жастық шақ келеді. Бұл кезде жазған өлеңдеріңнің сөздері бұрынғыдан шымыр болып, деңгейі арта түседі. Оған келесі өлең дәлел болады деп ойлаймын.

Жастық шақ – жалынды күн жарқыраған,
Бұл шақта арманменен шалқыр адам.
Елестеп алғы өмірдің белестері,
Құлшынам, бірақ әсте қалтыраман.

Жастық шақ – мұхит қой бір шалқып жатқан,
Жастық шақ – алтын таң ғой күліп атқан.
Ертеңгі бақыт үшін талпынатын,
Өрісін арманымның сенен тапқам.

Жастық шақ – кең дүние ғаламаты,
Өмірдің шұғылалы азаматы.
Еркесі бар әлемнің қажымайтын
Мақсаты – адал еңбек аманаты.

Қайран, шіркін жастық шақ! Сенің қызығыңа тойған жан бар ма, сірә?! Ең кереметі сол, бұл сәтте тұңғыш рет махаббат деген сезім оянады. Бір тылсым күш бойынды еріксіз билеп, жүрегінді жаулайды. Ал ол шынайы пәк сезім ұшқыны болса, есте ұзақ сақталуы мүмкін. Меніңше, мәңгі ұмытылмайды. Бұған «Махаббат құдіреті осы ма?» деген өлеңім куә болатын сияқты.

Сыңғыр қағып, сылдырайды бал бұлақ,
Оған елтіп, ән салады жапырақ.
Жиілетіп жүрек лүпіл соғады,
Сен салғандай осы әнді мың бұрап.

Тылсым сезім тұла бойды билейді,
Сиқыр әуен жан дүниемді тербейді.
Айтшы, жаным, шын махаббат осы ма?
Бейнең сенің көз алдымнан кетпейді.

Мен ежелгі Ақмола, қазіргі Астана қаласының төл тумасымын. Бүгінде Астана кереметтей құлпырып, халықаралық деңгейдегі үлкен мегаполиске айналды. Бір Бәйтеректің өзі туған қалама ерекше сан беріп, Астананың атын айрықша асқақтатып тұр. Осындай көркем, тарихы терең шаһарда туып-өскенімді әрдайым мақтан тұтамын. Бас қаланың жиырма жылдық тойына жырмен шашу арнап, «Жайнай бер, бас қалам, Астанам» атты өлең жаздым.

Астана – нұр сәулелі шұғыла,
Тамсандым мен биігі мол шыңына.
Астана – дариясы шаттықтың,
Барша халық еңбек еткен жұмыла.

Астана – ақиқаттың тынысы
Оның мәңгі өрлей бермек тың күші,
Астана – болашақтың қаласы,
Бұған айғақ жастарымның игі ісі.

Астана – Қазақстан жүрегі,
Барлық үлкен ісіміздің тірегі,
Жайнай бер, бас қалам, Астанам
Миллиондардың өзіңе айтар тілегі.

Астана – бар бақыттың бұлағы,
Астана – жаңа өмір шырағы.
Егемен елге нұрын төгіп сол шуақ,
Қазағымның салтанатын құрады.

Иә, шынында менің сүйікті Астанамның болашағы зор. 1999 жылы әлемге әйгілі ЮНЕСКО ұйымының «Астана – бейбітшілік қаласы» (Астана – город мира) деп құрметпен атауы да бекер болмаса керек. Лайым солай болғай!

Бименде ҚАЗАНҒАП,
Астана қаласы



10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№10 (4598) 25/01/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

29 ҚАҢТАР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 «Күй-көруен»
7:00 «TANSHOLPAN».
10:10 «Қилы күндер». Телехикая
12:20 «Ауыл мұғалімі 2». Телехикая
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Ауыл мұғалімі 2». Телехикая.
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:35 «Дала дәмі»
14:50 «Ақорда»
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама
16:05 «Жат бауыр». Телехикая
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ASHYQ ALAŃ».
21:25 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ 2». Телехикая
22:15 «АЛДАНҒАН АРМАН». Телехикая
23:10 «1001 ТҮН».
0:10 АҚПАРАТ
0:40 «Ashyq alaŃ».
1:35 «Сана»
2:45 «Өмір көркем»
3:40 «Дала дәмі»



05:00 МЕЛОДРАМА. "МОНТЕ-КАРЛО"
07:00 ТІКЕЛҮЙ ЭФИРДЕ "ОЯНИ"
10:00 «БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН»
10:25 СЕМЕЙНОЕ КИНО.
11:50 МУЛЬТСЕРИАЛ. "ГАВ-МЯУ"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШЕРЛІ ЖҮРЕК"
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҚАРА ЖӘШІК"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БӘСЕКЕ"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ВЫБОР МАТЕРИ"
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШЕРЛІ ЖҮРЕК"
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҚАРАСУ"
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ВЫБОР МАТЕРИ"

ASTANA TV

06:00 «Қош келдіңіз»
06:50 «Ене» үнді телехикаясы
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм
09:00 «Осман 4» түрік телехикаясы
10:00 «Ана бақыты» үнді телехикаясы
11:00 «Кеш келген махаббат»
12:20 «Кз Бзк» телехикаясы
13:50 «Ақжауын» телехикаясы
15:40 «Осколки» телесериал
20:00 «Astanatimes»
21:00 «Осман 4» түрік телехикаясы
21:55 «Лакшми» үнді телехикаясы
22:45 «Ана бақыты» үнді телехикаясы
22:45 «Кз Бзк» телехикаясы
01:00 «Склифосовский» телесериал
02:00 «Ақжауын» телехикаясы



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «КАМЕНСКАЯ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РОЗЫСК»
0:00 «БОЛЬШОЙ ДОМ»
2:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы
3:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
4:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы



7:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
7:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехикаясы.
